

Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 маусым N 683

Үкіметтің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 шілдедегі N 656 P980656 _ қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Экономикалық тұрақтандыруды нығайту жөніндегі меморандумына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасы;
- 2) Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 1999 жылға айналған іс-шаралардың жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 1 маусымдағы
N 683 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және
басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000
жылдарға арналған
Бағдарламасы

1. Кіріспе

Республикада 1991 жылдан бастап 1998 жылды қоса алғандағы кезеңде шағын, жаппай жекешелендіруден, жеке жобалар бойынша жекешелендіруден тұратын жекешелендіру бағдарламасы, секторлық бағдарламалар іс жүзінде жүзеге асырылды, заң базасы қалыптасты, мемлекеттік мүлікті республикалық және коммуналдық етіп бастапқы бөлу жүргізілді. Жекешелендіру бағдарламалары шеңберінде 1998 жылдың аяғына дейін құрылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінің жалпы мөлшерінің 65%-ін құрайтын 3276 акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктері, әлеуметтік саланың 2606 объектілері (тек 1997-1998 жылдардың өзінде ғана), мүліктің жекелеген бірліктері және кәсіпорындардың мүліктік кешендері жекешелендірілді. Жекешелендіру процесінің барысында нарықтық экономиканың негізі ретінде жеке меншік қалыптасты.

Жекешелендіру процесінің дамуы, республикадағы жалпы экономикалық жағдайлардың өзгеруі, бюджет реформасын жүргізу, отандық жеке меншік секторын қалыптастыру, орталық пен аймақтардың арасындағы өкілеттіктерді бөлу процесінің тереңдеуі және жекешелендірілген объектілердің құрамын өзгерту, сондай-ақ шикізат тауарларына әлемдік бағалардың құлдырауы және 1998 жылы дамушы нарықтардағы қаржылық дағдарыс мемлекеттік мүлікке билік ету жөніндегі өзінің саясатын дүркін-дүркін түзетуін және жинақталған тәжірибелерді ескере отырып, қолданылып жүрген заңдарды жетілдіруін талап етеді.

Қолданылып жүрген заңдар (Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" заң күші бар Жарлығы және басқа да нормативтік құқықтық актілер) өзінің оңды рөлін атқарды, бірақ реформалар процесінің жаңа даму кезеңінде ол өте-мөте жетілдіруге мұқтаж. Мемлекеттік мүлікті басқару мен жекешелендірудің көптеген мәселелері заң жүзінде реттеле қойған жоқ. Экономикадағы болып жатқан процестердің неғұрлым даму дәрежесіне байланысты сол сияқты жекешелендіру нысандары мен тәсілдерін жаңартуды қажет етеді. Сол сияқты жекешелендіруге байланысты жүргізілген (ең алдымен инвестициялық міндеттемелер) және сенімгерлік басқаруға беруге арналған келісім-шарттарды (концессия) жасасу нәтижесінде туындайтын қатынастардың орасан мол алқабын заңды түрде реттеу қажет.

Осы Бағдарлама Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын мемлекеттік меншікті 1999-2000 жылдар кезеңінде тиімді басқару мен билік ету бөлігінде одан әрі іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Мемлекеттік меншікті жекешелендірудің және басқарудың құқықтық негіздерін жетілдіру

Негізгі проблемалар:

- неғұрлым ертерек кезеңдерде қабылданған жекешелендіру процесін реттейтін заң актілері әр түрлі ерекшеліктері бар мемлекеттік мүліктің сан алуан барлық нысандарын көрсетпейді, сондай-ақ оларды іске асыру рәсімдерінің жеткілікті айқындылығын қамтамасыз етпейді.

- бұрын қабылданған заң актілері жекешелендіруді өзінің негізгі мақсаты етті және мемлекеттік мүлікті басқаруға байланысты мәселелерді толық көлемде көрсете алмады

- қолданылып жүрген заңдар мемлекеттік меншікті республикалық және коммуналдық етіп бөлу, сондай-ақ мемлекеттік мүліктің әр түрлі субъектілерінің жұмыс істеу механизмін толық көлемде көрсете алмады

- қолданылып жүрген заңдарда кәсіпорындарды оңалтудың, банкроттықтың және санациялардың рәсімдерді іске асыру барысында туындайтын мемлекеттік меншіктің мәселелерін реттеуге байланысты бос орын бар.

Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру саласындағы заңдарды жетілдіру мақсатында мемлекеттік активтерді иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі заңдарды реттейтін "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленетін болады. Мұнда мемлекеттің активтерін тиімді басқару жүйесі туралы қазіргі ұғымдар, мемлекеттік басқару процесінде шешімдер қабылдау рәсімі және оның мемлекеттік меншікті сенімгерлік басқарумен ара қатынасы, республикалық және коммуналдық меншікті басқарудың және билік етудің рәсімдері принциптері, жекешелендірудің нақты механизмдері көрініс табады. Сол сияқты мемлекеттік коммерциялық ұйымдарды басқару жүйесін неғұрлым егжей-тегжейлі реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" заң күші бар Жарлығына; мемлекеттің борышкерлері болып табылатын немесе капиталына мемлекет қатысатын кәсіпорындарды оңалту және банкроттық рәсімдерін іске асыруға байланысты мәселелер бөлігінде "Банкроттық туралы" заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады. "Мекемелер туралы" заңның жобасы әзірленіп жатыр. Бұл заңдардың барлығы мемлекеттік мүлікті басқару мен билік ету жөніндегі бірыңғай жүйеге кіретін болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік кәсіпорындардың бірінші басшыларын және мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдардың лауазымды адамдарын тағайындауды реттейтін нормативтік құқықтық актілер; акционер ретінде мемлекет атынан шешімдер қабылдаудың тәртібі; ұлттық компаниялардың қызметі ерекшеліктері, коммуналдық меншіктің объектілерін иелену, пайдалану және билік ету; мемлекеттің кәсіпорындар мен мекемелердің мүліктерін есепке алуды және оны пайдалануға бақылауды жүргізу; мемлекеттік меншікті республикалық және коммуналдық етіп ажыратуға байланысты мәселелердің жиынтығы әзірленетін және бекітілетін болады.

3. Мемлекеттік мүлікті есепке алуды жақсарту

Қазіргі бар проблемалар:

- мемлекеттік мүліктің әр түрлерін есепке алуды әр түрлі министрліктер мен ведомстволар жүзеге асырады (Қаржы министрлігі, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және т.б.), мемлекеттік мүлікті есепке алудың сәйкестендірілген жүйесі жоқ,
- мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың мемлекеттік мүлікті есепке алудың анықтығы мен дәлдігіне жауапкершілік айқындалмаған,
- мемлекеттік мүліктің жай-күйі туралы толық құнды мемлекеттік статистикалық е с е п т і л і к ж о қ ,
- мемлекеттік меншікте тұрған мемлекеттік мүлікті есепке алу жүйесінің ә д і с н а м а с ы а н ы қ е м е с ,
- мемлекеттің пайдасына заңды тұлғалардан өндіріп алынған, сондай-ақ өндіріп алу сатысында тұрған мүліктерді есепке алу жоқтың қасы

3.1. Республикалық және коммуналдық меншікте тұрған мүліктер

Қазақстан Республикасы активтерінің жиынтық тізілімін жасауға бірыңғай тұжырымдамалық негіз әзірленетін болады. Мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелердің және акционерлік қоғамдардың, мемлекеттің үлесті қатысуы бар шаруашылық серіктестіктердің Тізілімі (бұдан әрі - Тізілім) негізінде 2000 жылдың аяғына дейінгі кезеңде тиісті тізілімдердің және кадастрлардың негізгі деректерін көрсету арқылы Қазақстан Республикасы активтерінің толық есебін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін Активтердің жиынтық тізілімі жасалуы тиіс.

Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен, мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, мемлекеттік мүлікті есепке алу жөніндегі мемлекеттік статистикалық есептіліктің жаңа нысандарын әзірлейді.

Мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың мемлекеттік мүлікті есепке алудың толықтығына және дәлдігіне жауапкершілік жүйесі әзірленетін және күшіне е н г і з і л е т і н б о л а д ы .

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасында және тиісті Нормативтік құқықтық актілерде республикалық және коммуналдық меншікте тұрған мемлекеттік мүлікті есепке алудың ережесін белгілеу ұйғарылып отыр. Республикалық меншікте тұрған мүлікті есепке алуды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - Комитет) жү з е г е а с ы р а т ы н б о л а д ы .

Коммуналдық меншікте тұрған мүлікті есепке алуды коммуналдық меншіктің тізілімінде мемлекеттік заңды тұлғалар активтерінің баланстық құнын, бағалы

қағаздардың мөлшерін, атаулы құнын, акционерлік қоғамдардағы акциялардың мемлекеттік пакеттерін және шаруашылық серіктестіктердегі үлестердің көлемін және құндық түрін, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың және шаруашылық серіктестіктерінің негізгі қаржылық көрсеткіштерін, оның ішінде активтер мен пассивтердің, дебиторлық және кредиторлық берешектің мөлшерін көрсету арқылы облыстың (қаланың) Әкімдері жүзеге асыруы тиіс.

Тізілімде мемлекеттік меншікті есепке алудың толықтығын қамтамасыз ету үшін коммуналдық меншіктің тізілімдерінің деректері ай сайын Комитетке беріліп отырады.

3.2. Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілмеген мүлік

Мемлекеттік мүлікті тиімді басқаруды арттыру, түгендеудің қорытындылары бойынша есепке алудың үздіксіздігін және толықтығын қамтамасыз ету және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілмеген мүліктің тиісті тізілімдерін (кадастрларын) жасау мақсатында тиісті мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілетін болады.

4. Мемлекеттік мүлікті тиімді басқаруды арттыру

Мемлекеттік мүлікті тиімді басқаруды қамтамасыз ету саласындағы негізгі проблемаларға мыналар жатады.

- мемлекеттік меншіктің объектілерін үлгілер бойынша оларды басқарудың мақсаттарына, міндеттеріне және механизмдеріне байланысты жіктелімнің болмауы;
- мемлекеттік меншік объектілерінің әр түрлі үлгілері жөнінде, оның ішінде жекелеген экономиканың стратегиялық жағынан маңызды салаларында жұмыс істейтін Республика үшін аса маңызды ұйымдар ("ұлттық компаниялар") бойынша басқарушылық шешімдерді қабылдаудың дәл рәсімдерінің болмауы.

4.1. Мемлекеттік мүлікті республикалық және коммуналдық етіп бөлу

Орындалатын функцияларына және қаржыландырылатын көздеріне сүйене отырып, бұрын мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер бойынша мемлекеттік меншікті республикалық және коммуналдық етіп бөлу жүргізілген болатын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1999 жылғы сәуірде акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және бұрын республикалық меншікте тұрған, коммуналдық меншікке берілген шаруашылық серіктестіктеріндегі үлестердің тізбесі бекітілді. Комитет осы тізбенің негізінде 1999 жылдың екінші тоқсаны ішінде акциялардың мемлекеттік пакеттерін және шаруашылық серіктестіктеріндегі үлестерді коммуналдық меншікке беруді жүргізеді. Осы шаралар мемлекеттік меншікті тиімді басқаруды және басқарушылық шешімдерді жақсартуға мүмкіндік береді.

Республикалық меншікке "ұлттық компаниялардың", "көгілдір фишкалардың", жекешелендірудің аса ірі объектілерінің және Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы үшін аса маңызы бар бірсыпыра басқа да объектілердің акцияларының мемлекеттік пакеттері жатады. Сол сияқты осы объектілердің тізбесінде 1999 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен.

4.2. Республикалық меншікте тұрған мүлікті (республикалық меншікті) б а с қ а р у

4.2.1. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін, шаруашылық серіктестіктеріндегі және мемлекеттік кәсіпорындардағы үлестерді басқару және билік ету жөніндегі функциялар қоса беріліп отырған кестедегі бөлуге сәйкес жүзеге асырылатын болады.

4.2.2. "Ұлттық компанияларды" басқаруға көзқарастар

Мемлекет қарастырылып отырған кезеңде экономиканың стратегиялық жағынан аса маңызды жекелеген салаларында қатысуын сақтайтын болады. Осындайларға ұлттық экономиканың негізін құрайтын салалар, сондай-ақ өмірлік аса маңызды тауарларды, өнімдерді және қызмет көрсетулерді өндіруді қамтамасыз ететін салалар жатады. Бұларға, оның ішінде мұнайды өндіру, әзірлеу, тасымалдау және өңдеу темір жол және әуе көлігі, электр энергиясын бөлу және уран шикізаттары мен материалдарын өндіру ж а т а д ы .

Ұлттық компаниялардың қызметі Үкімет бекіткен белгілі бір рыноктарды монополиясыздандыруды көздейтін экономиканың салаларын (секторларын) дамыту реттеуші заңдарды және институттарды дамыту тұжырымдамаларына сәйкес жүзеге а с ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Үкімет осы тұжырымдамаларға сүйене отырып, әрбір "ұлттық компания" бойынша инвестициялық жоспарлардан және қарыз алу жоспарларынан, тариф саясатына табиғи монополистер үшін көзқарастардан, өндірістік қуаттарды жаңартудың, өнімділіктің өсуінің, шығарылатын өнімдерді (көрсетілетін қызметтерді) арттырудың, өнімдердің (көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнын кемітудің көрсеткіштерінен, ұйғарылып отырған кірістердің болжамдары мен негіздемелерінен, оларды пайдаланудың негізгі бағыттарынан, меншікті капиталды арттырудың көздерінен тұратын дамудың орта мерзімді (3-5 жыл) индикативтік жоспарлары бекітілетін болады.

Аталған индикативті жоспарлар шеңберінде директорлар кеңесі жыл сайынғы бизнес-жоспарды қарайды және бекітеді (жылдық өндірістік бағдарламалар).

"Ұлттық компанияларды" басқару тиімділігінің өлшемдері:

- ұлттық компаниялардың орта мерзімді жоспарын, жылдық бизнес-жоспарын іске а с ы р у ы ;

есепті кезең үшін ұлттық компаниялар қызметтерінің қаржылық нәтижелері; Қазақстандық қор биржасында (KASE) листинг алу, тұтастай алғанда тиісті секторды және экономиканы дамыту үшін "ұлттық компаниялардың" әсер етуін ы н т а л а н д ы р у .

Жоғарыда аталғандармен қатар, "ұлттық компанияларды" басқарудың тиімділігін қамтамасыз етудің шешуші факторы бірінші басшылардың (топ-менеджерлердің) талаптарына сәйкес келетін ұқсас талаптарды таңдау және тағайындау болып табылады .

Осы мақсатта Үкімет екі негізгі әдісті қолданады.

а) бизнесте және мемлекеттік қызметте тиісті білімі, іскер беделі, оң жұмыс тәжірибесі бар жеке тұлғалар арасында топ-менеджерлерді конкурстық іріктеу;

б) қаржылық және өндірістік көрсеткіштермен (performance-bond) айқындалған " ұлттық компаниялардың" қол жеткізу мақсаты үшін осы заңды тұлғаның берген кепілімен бірнеше топ-менеджерлерді тағайындау құқығына заңды тұлғалар арасында конкурс өткізу, бұл орайда конкурсқа экономиканың осы секторында тиісті тәжірибесі және іскер беделі бар шетел және отандық компаниялар жіберіледі.

Үкімет осы тектес конкурсты 1999 жылдың 3-тоқсанынан бастап өткізуге кіріседі.

Үкімет сондай-ақ, "ұлттық компаниялардың" № қызметтерін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің пакеттерін, олардың қабылдаған басқару шешімдері мен оларды іске асыру процестерін бекітеді.

Ұлттық компаниялар акцияларының мемлекеттік пакеттерін пайдалану және иелік ету жөніндегі құқығы салалық министрліктерге беріледі. Билік ету жөніндегі шешімдерді қабылдау құқығы тек Қазақстан Республикасының Үкіметіне ғана бекітіледі, "ұлттық компаниялар" акцияларының мемлекеттік пакеттеріне билік ету жөніндегі шешімдерді іске асыруды Комитет жүзеге асырады.

4.2.3. Тек мемлекет меншігіне ғана тиесілі объектілерді мүліктік жалға немесе сенімгерлік басқаруға (жалдауға) беру.

Тиімді басқару мақсатында мүліктік жалға немесе сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін, тек мемлекет меншігіне ғана тиесілі объектілердің (мүліктердің) (жекешелендіруге жатпайтын) тізбесін Үкімет нақтылайды. Бұл орайда, сол ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін кейіннен атаулы сату және бір мезгілде жалға (сенімгерлік басқаруға) беру шартынсыз аталған объектілерді жалға беру конкурстық және айқындылық шарттармен жүргізіледі.

4.3. Коммуналдық мүліктерді басқару

Мемлекеттік мүлікті басқарудың және билік етудің принциптерін айқындайтын

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес коммуналдық мүлікті басқаруды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

5. Жекешелендірудің конкурстығын және айқындылығын қамтамасыз ету

1999-2000 жылдары мемлекеттік меншікті жекелендіру саласында шешуге қажетті негізгі міндеттер:

- жекешелендірудің конкурстығын және айқындылығын қамтамасыз ететін нормативтік базаларды жасау және қабылдау,
- республикалық бюджетке қаражаттардың барынша көп түсуін және тиімді меншік иелерінің келуін қамтамасыз ететін "көгілдір фишкалар" және ірі жекешелендіру объектілері акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату,
- "екінші эшелон" кәсіпорындарын жекешелендіруді аяқтау,
- сенімгерлік басқаруға бұрын берілген объектілерді жекешелендіру,
- жекешелендіруден кейін сатып алушылардың инвестициялар және функцияларын нақтылау жөніндегі мәселелерді шешу,
- олармен банкроттық және сауықтыру ресімдерін жүргізу кезінде мемлекеттік заңды тұлғалардың мүліктік меншік иесі және акционерлік қоғамдардағы және шаруашылық серіктестіктердегі қатысушы ретінде мемлекеттік мүдделерді қорғауды қамтамасыз ету бөлігінде заңдарға толықтыру енгізу болып табылады.

5.1. "Көгілдір фишкалар" акцияларының мемлекеттік пакеттерін жекешелендіру

"Көгілдір фишкалар" деген ұғым бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасының А листингіне енетін (немесе енуі мүмкін) және қазақстандық және/немесе халықаралық бағалы қағаздар рыногында айналысқа түсетін, ашық нысанда және халықтық акционерлік қоғамдарында орын алып отырған ірі кәсіпорындарды білдіреді.

Үкімет 2000 жылдың аяғына дейін, мыналардың:

"Маңғыстаумұнайгаздың", "Ақтөбемұнайгаздың", "Қазақмыс Корпорациясының", "Қазхромның", "Қазмырыштың", "Қазақстан алюминийінің", "Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігінің", "Өскемен титан-магний комбинатының" қалған акцияларының мемлекеттік пакеттерін толық сатуды көздеп отыр. Бұл орайда, Үкімет таяу уақыттары осы кәсіпорындардың тиісті шараларды жүзеге асыруы, өтінім беруі және KASE А листингіне енуі үшін қажетті күш жұмсайтын болады.

Үкімет "Қазақтелекомның" және "Халық банкінің" еліміздің экономикалық және

әлеуметтік өміріндегі олардың ерекше ролін ескере отырып, жарғылық капиталдарына акциялардың белгілі бір пакеттерін сақтауды көздеуі мүмкін, бірақ акциялардың бақылаушы пакеттері жеке секторға сатылатын болады.

"Көгілдір фишкалар" акцияларының мемлекеттік пакеттерін жекешелендіру конкурстық негізде жүргізіледі. Менеджер және кеңесші (консультант) ретінде инвесторларды іздеу мен іріктеу үшін тиісті тәжірибесі және халықаралық беделі бар ұйымдар (институттар) тартылатын болады. Қазақстан "көгілдір фишкалар" акцияларының мемлекеттік пакеттерін орналастырудың мерзімдері, нысандары, тәсілдері туралы шешімді жекелеген әр компания бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

"Көгілдір фишкаларды" жекешелендірудің осы (екінші) кезеңін жүзеге асыру кезінде негізгі тәсіл экономиканың осы секторында танылған оператор және айқынды және корпоративтік басқарудың халықаралық стандартымен мойындалуы болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 5.1.-бөлімнің алтыншы абзацы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.10.18. N 1556 қаулысымен. P001556_

5.2. Жекешелендірудің ірі объектілерін сату

Осы бағдарламаның 4.2.1-тармағында аталған барлық ірі жекешелендіру объектілері 1999-2000 жылдар ішінде толық жекешелендірілетін болады. Конкурстық жекешелендірудің нысандары мен әдістерін Үкімет жанындағы комиссияның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Ірі объектілерді сату алдындағы даярлық және жекешелендіру жөніндегі шараларды іске асыруды мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен Комитет жүргізеді.

5.3. "Екінші эшелон" кәсіпорындары акцияларының мемлекеттік пакеттерін жекешелендіру

"Екінші эшелон" ұйымдары деген ұғым акцияларының мемлекеттік пакеттері 1999-2000 жылдар ішінде жекешелендіруге жататын және "көгілдір фишкаларға" және жекешелендірудің ірі объектілеріне жатпайтын акционерлік қоғамдарды білдіреді.

Сату алдындағы даярлықты және республикалық меншікке жататын осы топтың объектілерін жекешелендірудің нысандары мен әдістері туралы шешімді, заң талаптарын ескере отырып, салалық министрліктер жасайды, қабылдайды және іске асырады.

Коммуналдық меншікке берілген объектілерге қатысы бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының Әкімдері

қабылдайды және іске асырады. Үкімет жекешелендірудің облыстық (қалалық) бағдарламаларының бар болуын және қатаң орындалуын, оны өткізу кезінде белгіленген транспаренттік және конкурстық өлшемдердің сақталуын қадағалайды.

5.4. Сенімгерлік басқаруға бұрын берілген шаруашылық серіктестіктеріндегі акциялардың мемлекеттік пакеттерін және мемлекеттік үлестерді жекешелендіру.

Акционерлік қоғамдардың акциялардың мемлекеттік пакеттерін және сенімгерлік басқаруға бұрын берілген шаруашылық серіктестіктеріндегі мемлекет үлестерін жекешелендіру мынадай үш бағыттарда жүзеге асырылатын болады:

- компанияның басқарушысы өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындамаған не жеткілікті орындамаған жағдайда, осы Бағдарламаның көзқарастарына сәйкес акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін және шаруашылық серіктестіктеріндегі мемлекет үлестерін кейіннен сата отырып, заңдармен белгіленген тәртіпте сенімгерлікке басқаруға арналған келісім-шарттарды бұзуды жүзеге асыра
а л а д ы .

- компанияның басқарушысы кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға арналған келісім шарт бойынша инвестициялық міндеттемелерді орындаған жағдайда, мұндай келісім-шарттар аяқталуы тиіс. Келісім-шарт аяқталғаннан кейін акциялардың мемлекеттік пакеттері (қатысу үлестері) конкурстық сатуға жатады.

- Компания басқарушысының сенімгерлік басқаруында тұрған шаруашылық серіктестіктеріндегі акциялардың мемлекеттік пакеттерін және мемлекеттік үлестерді кейіннен сатып алу құқығымен атаулы сату. Атаулы сату, егер келісім-шартта өзгеше көзделмесе, келісім-шарт бойынша міндеттемелерді компания басқарушысының толық орындағаны және оның ұсынған бағаға келісуі кезінде тендер қорытындылары бойынша жасалынған сенімгерлік басқаруға арналған келісім-шартта көзделген ерекше жағдайларда ғана жүргізіледі.

5.5. Үкіметке қызмет көрсететін ұйымдарды қоса алғанда, әлеуметтік сала объектілерін жекешелендіру

Республикада соңғы жылдары білім, денсаулық сақтау, ғылыми-зерттеу жұмыстары салаларында және әлеуметтік салалардың басқа секторларында жұмыс істейтін жеке меншік кәсіпорындар пайда бола тұрса да осындай қызмет көрсетуді жүзеге асырушы мемлекеттік мекемелер әзірше басымырақ. Жекешелендіруге негізінен оңтайландыру нәтижесінде босатылған профилі бойынша пайдаланылмайтын әлеуметтік объектілердің жүйелері жатқызылды. Нәтижесінде қызмет көрсету саласының аясы тартылады немесе осы салаларда жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелердің толығы

Осы салада экономикалық реформалардың негізгі бағыттары мемлекеттік тапсырыс жүйесіне және бәсекелестік ортаны мақсатты құруға өту жолымен көрсететін қызметтердің көлемін сақтау және олардың сапасын жақсарта отырып мемлекеттік меншік объектілерін ұстауға арналған бюджеттік шығындарды азайтуға бағытталған 1999 жылдың 1 қаңтарынан басталған бюджеттік реформадан пайда болды. Осы реформаны жүргізу кезінде республикалық мемлекеттік кәсіпорындарда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде олар көрсететін қызметтерді төлейтін республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мекемелерді қайта құру, олардың ұйымдастыру-құқықтық нысандарын өзгерту жолымен жүзеге асырылады.

1999 жылдың ішінде осы жүйе негізінен институционалдырылған болуға тиіс, бұл алдағы жылы әлеуметтік салалардағы мемлекеттік кәсіпорындарды белсенді жекешелендіруге өтуге мүмкіндік береді. Республикалық меншіктегі объектілердің маңыздылығын ескере отырып, оларды жекешелендіру осы кәсіпорындарда жұмыс істейтін еңбек ұжымдарын мүдделерін ескерумен Үкіметтің жеке шешімдері бойынша жеке тәртіпте жүзеге асырылатын болады.

Әлеуметтік салалардың жекешелендірілген объектілер техникалық қызмет көрсетуге мемлекеттік тапсырыс алуға арналған конкурстарға қатыса алады, бағамен Үкімет белгіленген тәртіппен бекітілген қаржыландыру нормативтері негізінде е с е п т е с е т і н б о л а д ы .

Осылайша, халыққа әлеуметтік қызмет көрсету және Үкіметке өзге қызмет көрсету деңгейін мемлекеттік кепілдікпен сақтау кезінде білім беру (жоғары білім беруді қоса алғанда), медицина, ғылым, әлеуметтік қызмет, мәдени-демалыс, дене тәрбие-сауықтыру қызметтері салаларында мемлекеттік емес ұйымдар жұмыс істейтін б о л а д ы .

5.6. Жекешелендіруден кейін бақылау және инвестициялық міндеттемелер

1995-1998 жылдары жекешелендірудің көптеген объектілері инвестициялық тендерлерде жекешелендірмеген болатын: Осындай жекешелендіру барысында мемлекеттік бюджет елеулі қаржыны ала алмады, жаңа меншік иелері кеп жылғы міндеттемелермен ауыртпалықта қалды. Дамушы рыноктардың қаржылық дағдарысына және қазақстандық экспорт өнімдеріне сұранымның және бағаның құлдырауына байланысты көптеген инвесторларда инвестициялық бағдарламаларды орындауда объективті қиындықтар пайда болды. Көптеген инвестициялық міндеттемелер нақты қалыптаспаған болды (кәсіпорынның негізгі және айналым капиталына жіктелім жасамай қаржы жұмсау), қазақстандық рыноктағы кәсіпорындардың өнімдеріне (қызметіне) сұранымның қысқару салдарынан бірқатар инвестициялық міндеттемелердің мәні жойылды.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Үкімет күтпеген келісім шарттардың ережелерін түзету жөніндегі қосымша келісімдерді дайындау және қол қоюға қажеттілігі туындаған келісім-шарттар бойынша бірқатар инвесторлармен өзара қарым-қатынастың тәсілін айқындайтын болады.

1999 жылдың екінші-үшінші тоқсанында кәсіпорындардың (объектілердің) тиімді жұмыс істеуін экономикалық талдауды қоса алғанда, инвестициялық тендерлер барысында жекешелендірілген объектілерді сатып алған инвесторлардың инвестициялық және өзге міндеттемелерді орындауын (аудиторлық және консалтингтік компаниялардың мамандарын тексерушілерін қатыстыра отырып) тексеретін болады.

Тексеру қорытындылары бойынша 1999 жылдың аяғына дейін қосымша келісімдер мен келісім-шарттарды дайындау жөнінде инвесторлармен келіссөздер жүргізілетін болады. Бұл үшін мүдделі министрліктердің қатысуымен арнайы ведомствоаралық комиссия құрылатын болады. Дәл осындай жұмыстарды акциялардың мемлекеттік пакеттері (қатысу үлестері) коммуналдық меншікке берілген кәсіпорындар мен ұйымдар жөнінде облыстардың (қалалардың) әкімдері жүргізуі тиіс.

6. Бұрынғы жылдары жүзеге асырылған жекешелендірудің барысында туындаған проблемаларды реттеу

1999-2000 жылдар аралығындағы Үкіметтің маңызды міндеттердің бірі өткен жылдары жүзеге асырылған жекешелендіру нәтижесінде туындаған проблемалар мен дауларды түпкілікті реттеу болып табылады. Ұйымдар мен объектілердің тұтастай біртобы жекешелендіру заңдардың талаптарына толық сәйкес келе бермейтіндей болып, оның ішінде кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша сатып алушының (не сатушымен) құқықтық мирасқорлығы принциптері сақталмай жүргізілген болатын.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Үкіметіне - заңды және жеке тұлғалардың, оның ішінде мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген кәсіпорындар мен мекемелер кредиторларының талаптарының және қойылатын талаптардың көлемі ұлғая түседі. Бағдарламаның әрекет ету кезеңінде Үкімет кредиторлардың барлық нақты талаптарын түгендеу, жекешелендіру нәтижесінде туындаған өтеу нысандары мен тәсілдері бойынша құқықтық мирасқорларды, талаптарды айқындау жөніндегі ж ұ м ы с т а р д ы а я қ т а й д ы .

Купондық жекешелендіру процесінің аяқталуына байланысты проблема басқаша. Көптеген инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлердің жалпы жиналыстарын өткізе алмады. Бірқатар қорлар бойынша жоғалған құжаттарды қайтадан қалпына келтіру, олардың активтерінің қорларын басшылық ету және басқару мәселелерін шешу қажет. 1999 жылы Үкімет ашық акционерлік қоғамдардағы инвестициялық жекешелендіру қорларын қайта құруды аяқтауды, олардың біріктіретін және біліктілікпен басқаруды ретке келтіретін тиісті заң жобаларын дайындап және

П а р л а м е н т к е е н г і з е т і н б о л а д ы .

7 . Қ о р ы т ы н д ы

Үкіметтің мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру жөніндегі іс-әрекеті екі маңызды нысанаға жетуге бағытталатын болады:

- мемлекеттің нарықтық экономикадағы оған тән емес функциялардан кету және жекеменшік тауар өндірушілермен бәсекелестіктен барынша ықтималды қашу;
- бюджет алдындағы өзінің міндеттемелерін орындайтын бәсеке қабілетті тауарлар мен қызмет көрсетулерді өндіретін тиімді жеке меншік иесі институтын қалыптастыру.

Осы бағдарламаны іске асыруда негізінен салалық министрліктер, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері қатысатын болады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің функциялары мемлекеттік мүлікті

дәл және толық есепке алуды оны пайдалануға қамтамасыз етуге, нормативтік актілерді әзірлеуге және мемлекеттік мүлік және жекешелендіруді басқару процестеріне әдіснамалық жағынан қолдау көрсетуге шоғырландырылатын болады.

кесте

республикалық меншіктегі шаруашылық серіктестіктер акцияларының мемлекеттік пакетін (қатысу үлесін) республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен басқару және оларға билік ету жөніндегі
Функцияларды бөлу

ЕСКЕРТУ. Кесте өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.11. N 1127 қаулысымен.

Р 9 9 1 1 2 7 _

Санаты	АҚ (жетекшілік ететін салалық	Мемлекет.	Басқару бойынша шешуші
	министрліктің) атауы	тің үлесі	құқылы өкілеттіктер:
			1. Директорлар кеңесін
			қалыптастыру, мемлекет.

			тің өкілдерін тағайындау
			2. Стратегиялық (орта
			мерзімді) жоспарларды,
			өндірістік және инвести.
			циялық бағдарламаларды
			және оларды орындау ту.
			ралы есептерді бекіту

1."Ұлт. 1."Қазақойл" ҰМК ЖАҚ (ЭИжСМ) 100	(Үкімет (Үкімет жанында.
тық	ҒЫ комиссия).
компа.	
ниялар"	

2. "Қазтрансойл" МТҰК ЖАҚ (ЭИжСМ) 100
3. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК (ЖАҚ)ЭИжСМ 100
4. "КЕГОК" ЖАҚ (ЭИжСМ) 100
5. "қазақстан темір жолы" РМК (ККЭТМ) 100
6. "ҚазтеңізкөлікфлотҰТКК" (ККЭТМ) ЖАҚ 100
7. "Әйр Қазақстан" ЖАҚ (ККЭТМ) 100
8. "Жібек Жолы - Қазақстан" ЖАҚ (ККЭТМ) 100
9. "Казаэронавигация" РМК (ККжТМ) 100
10. "Алматы Халықаралық Әуежайы" ААҚ (ККЭТМ) 100
11. "Астана Халықаралық Әуежайы" ААҚ (ККЭТМ) 100
12. "Атырау Әуежайы" ААҚ (КкЭТМ) 100
13. "Ақтау теңіз сауда порты" РМК (ККЭТМ) 100
14. "Азық-түлік келісім-шарт" корпорациясы" ЖАҚ (АШМ) 100

15. "Эксимбанк" ЖАҚ (ҚМ) 100

16. "Трактебель" (ЭИЖСМ) 100

компаниясының концессиясында
тұрған Ішкі және халықаралық
магистральды газкөліктік
жүйесі (ЭИЖСМ)

17. Пochта байланысының 100

республикалық мемлекеттік
кәсіпорны "ККжТМ"

17-1. "Мемлекеттік жинақтаушы
зейнетақы қоры" ЖАҚ (ҚМ) 100

17-2 "Мемлекеттік қаржы
жүйелеріне ақпараттық-телекоммуникациялық
қызмет көрсету орталығы"
ЖАҚ (ҚМ, МКМ) 100

II. 1. "Қазақтелеком" ААҚ 50 Үкімет (Үкімет жанындағы
"көгіл (ККЭТМ) комиссия)

дiр 2. "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ 30
фишка. (ЭИЖСМ)

3. "Ақтөбемұнайгаз" ААҚ 25,2
(ЭИЖСМ)

4. "Корпорация Қазақмыс" 35
ААҚ ("Самсунг Дойчланд
ГмбХ" корпорациясының
сенімгерлік басқаруында 35%
(ЭИЖСМ))

5. "Қазмырыш" ААҚ (ЭИжСМ)	27,7	
6. "Қазхром КҰК" ААҚ (ЭИжСМ)	29	
7. "Қазақстан алюминийі" ААҚ (ЭИжСМ)	31,68	
8. "ССТӨБ" АҚ (ЭИжСМ)	39.5	
9. "ҚХЖБ" ААҚ (ҚМ) ("ҚХЖБ-тобы" ҰИҚАК басқаруына берілді)	80.04	
10. "ӨТМК" ААҚ (ЭИжСМ)	15,5	Қаржыминімен
III.Ірі 1. "Екібастұз" СЭС-2 АҚ жекелен. (ЭИжСМ)	100	келісім бойынша салаақы
діру 2. ССL-OIL (ЭИжСМ)	87.9	министрліктер
объек. компаниясының концессиясын. тілері дағы "Павлодар МӨЗ" ААҚ (ЭИжСМ)		
3. "Ақмола бөлуші желілі компаниясы" ААҚ (ЭИжСМ)	100	
4. "Талдықорған бөлуші электр желісі компаниясы" ААҚ (ЭИжСМ)	100	
5. "Талдықорған акционерлік көліктік-электр желісі компаниясы" ААҚ (ЭИжСМ)	100	
6. "Талдықорған АЭС" ААҚ	100	
7. "Сарқанд АЭС" ААҚ	100	
8. "Сарыөзек АЭС" ААҚ	100	
9. "Үштөбе АЭС" ААҚ	100	
10."Жаркент АЭС" ААҚ	100	
11."Көксу АЭС" ААҚ	100	
12."Қарабұлақ АЭС" ААҚ	100	
13."Текелі АЭС" ААҚ	100	
14."Ақсу АЭС" ААҚ	100	
15."Алакөл АЭС" ААҚ	100	
16."Атырау ЭТК" ААҚ		
17. "Алтайэнерго аймақтық энергетика компаниясы" ААҚ	81,83	
18. "Ақтөбеэнерго" ААҚ	100	
19. "Семей АЭС" ААҚ	90	
20. "Жамбыл бөлуші электр желісі компаниясы" ААҚ	100	

21. "Оралэнерго Батыс 100
Қазақстан бөлуші электр желісі
компаниясы" ААҚ
22. "Қарағанды бөлуші электр 30
желісі компаниясы" ААҚ
23. "Абай электржелілері" ЖШС 49
24. "Жезқазған бөлуші электр 100
желісі компаниясы" ААҚ
25. " Жезді электржелілері" ААҚ 100
26. "Ұлытау электржелілері" 100
ААҚ
27. "Жаңаарқа электржелілері" 100
ААҚ
28. "Ерқанат" ААҚ 100
29. "Ақтоғай электржелілері" 100
ААҚ
30. "Қайрат" ААҚ 100
31. "Қалаэлектржелі" ААҚ 100
(Жезқазған қ.)
32. "Қызылорда ЭТК" ААҚ 100
33. "Қостанай электр желілерін 100
тарату компаниясы" ААҚ
34. "Маңғыстау ЭТК" ААҚ 100
35. "Павлодар ЭТК" ААҚ 93,8
36. "Павлодар АЭС" ААҚ 100
37. "Баянауыл АЭС" ААҚ 100
38. "Оңтүстік электр желілері" 100
ААҚ
39. "Железі АЭС" ААҚ 100
40. "Май АЭС" ААҚ 100
41. "Ертіс АЭС" ААҚ 100
42. "Лебяжинск АЭС" ААҚ 100
43. "Ақсу қалаэлектржелілері" 100
ААҚ
44. "Қалаэлектржелісі" 100
(Екібастұз қ.)
45. "Қашыр АЭС" ААҚ 100
46. "Шарбақты АЭС" ААҚ 100
47. "Успен АЭС" ААҚ 100

48."Ақтоғай АЭС" ААҚ	49
49."Көкшетау бөлуші электр желісі компаниясы" ААҚ	100
50. "Түркістанэнерго" ААҚ	100
51."Оңтүстік Қазақстан бөлуші электр желісі компаниясы ААҚ	100
52."Шұбаркөл бөлінісі" ААҚ (ЭИжСМ),	78,93
53. "Шұбаркөл КТУ" (ЭИжСМ)	100
54. Жоғары, орташа және төмен қысымды газ бөлуші желілері (ЭИжСМ)	-
55. БУТЯ-Акцепт концорциумның концессиясындағы "Заңғар СУ" ААҚ (ЭИжСМ)	90
56."Казинстрах" АҚ (ҚМ)	100
57."Каскор" ААҚ (ЭИжСМ)	60,3
58."Центркредит" АБ ААҚ (ҚМ)	23
IV. Тізбе Қазақстан Республикасы Респуб. Үкіметінің 27.05.99 ж. N 659 ликалық қаулысымен белгіленді меншік. тегі өзге де АМК	Жетекшілік ететін салалық министрліктер
V. Өзге Тізбе өзгерістермен және де РМК толықтырулармен бірге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 25.06.96 ж. N 790 қаулысымен белгіленді	Жетекшілік ететін салалық министрліктер

таблицаның жалғасы

АМП пайдалану және	АМП-ға билік ету жөніндегі	Мемлекеттің атынан
иелену жөніндегі	құқықтық күш (АМП-ды сату	бақылау
құқықтық күш	жөнінде шешім қабылдау, же.	

кешелендіру жөніндегі коми.		
ссияны қайта ұйымдастыру,		
тарату және қалыптастыру)		

Жетекшілік ететін Үкімет (Үкімет жанындағы Тексеру комиссияларын салалық министрлік комиссия) Қаржы министрлігі. Қазақстан Республикасы. нiң ММжЖК Уәкілетті орган ның Үкіметі қалыптасты. рады.

Жетекшілік ететін Үкімет (Үкімет жанындағы Тексеру комиссияларын салалық министрлік комиссия) ММжЖК Қаржы ми. Қазақстан Республикасы. нистрлігінің уәкілетті ның Үкіметі қалыптасты. органы) рады.

Жетекшілік ететін Үкімет (Үкімет жанындағы Тексеру комиссияларын салалық министрлік комиссия) ММжЖК Қаржы ми. ҚР ММжЖК қатысуымен нистрлігінің уәкілетті министрліктер қалыптасты. органы) рады.

Жетекшілік ететін Жетекшілік ететін салалық Тексеру комиссияларын салалық министрлік министрліктер Қаржыминінің қатысуымен ("Мемлекеттік мүлік туралы" (ММжЖК) салалық министр. Заң қабылданғаннан кейін) ліктер қалыптастырады.

Жетекшілік ететін Үкімет (Үкімет жанындағы Тексеру комиссиясын салалық министрлік. Комиссия) Уәкілетті орган Қаржыминінің қатысуымен тер ММжЖК (ММжЖК) салалық министр. қалыптастырады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 1 маусымдағы
N 683 қаулысымен бекітілген

Мемлекеттік мүлік жекешелендіру бағдарламасын іске асыру және басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі

1999-2000 жылдарға арналған шаралардың жоспары

ЕСКЕРТУ. Жоспар өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.11. N 1127 қаулысымен.

Р 9 9 1 1 2 7 _

Шаралар	Орындаушы	Мерзімдері	Аяқталу ныса.	Ес.
		ны	кертү	

2 - бөлім бойынша

Мемлекеттік мүлікті иелену, Қаржы 1999 ж., Заң жобасы
пайдалану және билік ету жөнін. министрлігі екінші
дегі қатынастарды реттейтін (ҚМ), тоқсан
"Мемлекеттік мүлік туралы" Әділет
Қазақстан Республикасы Заңы. министрлігі
ның жобасын әзірлеу (ӘМ)

"Мекеме туралы" Қазақстан Әділет 1999 ж. Заң жобасы
Республикасы Заңының жобасын министрлігі, екінші
әзірлеу ҚМ тоқсан

Кәсіпорындарды сауықтыру, ӘМ, ҚМ, МҚМ 1999 ж., Заң жобасы
олардың банкроттығы мен санация үшінші
сы ресімдерін іске асыру бары. тоқсан
сында туындайтын қатынастарды
жетілдіруге байланысты
"Банкроттық туралы" Қазақстан
Республикасының Заңына өзгеріс.
тер мен толықтырулар енгізу
туралы" Қазақстан Республикасы
Заңының жобасын әзірлеу

"Қазақстан Республикасы Президенти. ҚМ, ӘМ, 1999 ж. Заң жобасы
дентінің "Мемлекеттік кәсіп. ӘЙЖСМ, үшінші

орындар туралы" Жарлығына ҚКЖТМ, тоқсан
өзгерістер мен толықтырулар АШМ
енгізу туралы" Қазақстан
Республикасы Заңының жобасын
әзірлеу

Мемлекеттік активтерді иелену. ҚМ, "Мем-тік Үкіметке есеп
ге, пайдалануға және оларға Әділет. мүлік беру
билік етуге байланысты мәселе. міні туралы"
лер бойынша нормативтік-құқық. Заңды
актілерге тексеру жүргізу қабылдаған
күннен
бастап бір
ай ішінде

Мемлекеттік активтерді иелену, ҚМ, 1999 ж., Үкімет
пайдалану және оларға билік ету Әділет. үшінші қаулысы
жөніндегі қатынастарды жетілді. міні тоқсан
ру нормативтік құқықтық актілер.
ді әзірлеу

Өндіріп алынған, сондай-ақ жеке ӘМ, ҚМ, 1999 ж., Үкімет
тұлғалардан мемлекеттің пайдасы МКМ үшінші қаулысы
на өндіріп алу алдында тұрған тоқсан
мүлікті есепке алудың тәртібін
реттейтін нормативтік құқықтық
актіні әзірлеу

Мүлікті республикалық және ҚМ, 1999 ж., Үкімет
коммуналдық меншікке жатқызу. Әділет. үшінші қаулысы
дың тәртібін және мүлікті бір міні тоқсан
мемлекеттік меншіктің бір
түрінен екіншісіне аударудың
тәртібін реттейтін нормативтік
құқықтық базаны жетілдіру

Мемкәсіпорындардың бірінші бас. ҚР ММЖЖК 1999 ж., Үкімет
шыларын және акционерлік қоғам. үшінші қаулысы
дардың лауазымды тұлғаларын тоқсан

тағайындаудың ережесін әзірлеу

Акционер ретінде мемлекет аты. ҚР ММжЖК 1999 ж. Үкімет
нан шешім қабылдау ережесін екінші қаулысы
әзірлеу тоқсан

Салаларды дамыту бағдарламала. ЭЖА, 1999 ж., Үкімет
рын (секторлық бағдарламаларды) Қаржымині екінші қаулысы
әзірлеу мен қабылдауды реттей. тоқсан
тін ереже әзірлеу

"Ұлттық компаниялардың" ҚМ ММжЖК 1999 ж., Үкімет
топ-менеджерлерін сайлау салалық үшінші қаулысы
жөнінде конкурс өткізу министр. тоқсан
ережесін әзірлеу ліктер

"Ұлттық компаниялардың" қыз. ҚМ ММжЖК, 1999 ж., Үкімет
метін реттейтін ереже әзірлеу салалық үшінші қаулысы
министр. тоқсан
ліктер

Мемлекеттік кәсіпорындардың Қаржымині 1999 ж. Үкімет
шаруашылық иелігінде тұрған үшінші қаулысы
(жедел басқаруында) мүлікті тоқсан
жалға берудің ережесін
әзірлеу

Акциялардың мемлекеттік Қаржымині 1999 ж., Үкімет
пакетін конкурстық сатудың үшінші қаулысы
ережесін әзірлеу тоқсан

Республикалық және коммунал. Қаржымині 1999 ж., Үкімет
дық меншік тұрған мүлікке, үшінші қаулысы
сондай-ақ мемлекеттік кәсіп. тоқсан
орындар мен мемлекеттік меке.
мелердің активтеріне билік
ету тәртібі жөніндегі ереже
әзірлеу

3-бөлім бойынша

Акцияларының пакеті республи. Салалық 1999 ж.
калық меншікте тұрған барлық министр. екінші
ұйымдар бойынша акциялардың ліктер тоқсан
эмиссиясын тіркеуді жүзеге ҚМ ММжЖК
асыру

Мемлекеттік заңды тұлғаларды, ҚМ, ӘМ, 1999 ж., Үкімет
оның ішінде олар орындайтын басқа да үшінші қаулысы
функциялардың ұйымдастыру- мүдделі тоқсан
құқықтық нысандарына сәйкес. министр.
тігіне түгендеуді жүзеге ліктер
асыру мен

ведомство.
лар, облыс.
тар, Астана
және Алматы
қалаларының
әкімдері

Шетелде тұрған мемлекеттік ҚМ, ІІМ 1999 ж., Түгендеу актісі
мүлікті түгендеуді жүзеге үшінші
асыру тоқсан

Мемлекеттік кәсіпорындар мен Қаржымині 1999 ж., Қаржы министр.
мекемелердің мүлкін пайдала. үшінші лігінің бұйрығы
нуға есеп жүргізу және бақы. тоқсан
лау жасау ережесін әзірлеу
және бекіту

Мемлекеттік кәсіпорындар мен Министрлік. 1999 ж., Түгендеу
мекемелердің мүлкін пайдала. тер, ведо. төртінші актілері
нуға есеп жүргізу және бақы. мостволар тоқсан
лау ережесіне сәйкес мемлекет. мен өзге де
тік кәсіпорындар мен мемлекет. мемлекеттік
тік мекемелердің мүлкін түген. органдар
деуді жүзеге асыру

Коммуналдық меншікте тұрған Қаржымині Үшінші Үкімет
мемлекеттік мүлікке есеп тоқсан қаулысы
жүргізу тәртібін реттейтін
ереже әзірлеу

Мемлекеттік мүлікке есеп ҚР Статис. Екінші Қазақстан
жүргізу жөніндегі мемлекет. тика жө. тоқсан Республикасы
тік статистикалық есептілік ніндегі Статистика жөніндегі
нысандарын әзірлеу агенттігі агенттігінің
қаулысы

Жерді, жер қойнауын, суларды, ҚМ, ӘМ, 1999 ж., Үкіметке есеп
жануарлар мен өсімдіктер әле. АШМ, үшінші беру
мін есептеуді жүзеге асыру ТРЖҚОҚМ, тоқсан
үшін кадастрлар жүйесін қоса ҚЖЖБМ және
алғанда, Қазақстан Республи. министр.
касы активтерінің жиынтық ліктер мен
тізілімін жасау үшін концеп. ведомстволар
туалдық негіз бен әдістемелік
база әзірлеу

Қазақстан Республикасы актив. Қаржымині 1999 ж., Шаралар
терінің жиынтық тізілімін үшінші жоспарын
жасау жөніндегі шаралардың тоқсан бекіту туралы
жоспарын әзірлеу Үкіметтің
қаулысы

Мемлекеттік мүлікті есептеу ҚМ, министр. Жыл ішінде Үкіметке есеп
үшін пайдаланылатын тізілім. ліктер мен беру
дердің, кадастрлардың жиын. ведомство.
тық ақпараттан және ақпарат. лар, облыс.
тық ауқымдардан тұратын тардың,
Қазақстан Республикасы Астана және
активтерінің жиынтық тізілі. Алматы
мін ұйымдастыру жөніндегі қалаларының
жұмыстарды жүзеге асыру әкімдері

Мемлекеттік мүлікті есептеу. ҚМ, Әділет. 1999 жыл. Үкімет
дің дәлдігі мен толықтығына міні үшінші қаулысы, заң
мемлекеттік органдар мен тоқсан жобалары
лауазымды тұлғалардың жауап.
кершілігін күшейту жөніндегі
шаралар жүйесін әзірлеу мен
бекіту

Мемлекеттік заңды тұлғаларға ҚМ, 1999 ж., Үкімет
бекітілген және бекітілуге Әділет. төртінші қаулысы
жататын мемлекеттік мүлікті міні, өзге тоқсан
бекіту министр.
ліктер мен
ведомстволар,
Астана және
Алматы
қалалары

4 - бөлім бойынша

Үкімет белгілеген акционер. Қаржымині 1999 ж., Қабылдау-беру
лік қоғамдардың акциялары. екінші актілері,
ның мемлекеттік пакетін тоқсан тізілімдерде
коммуналдық меншікке беру тіркеу

Мемлекеттік мүлікке иелік Қаржымині 1999 ж., Үкімет
ету, пайдалану және жекеле. екінші қаулысы,
ген жағдайларда билік ету тоқсан қабылдау-беру
жөніндегі функцияларды осы актілері
Бағдарламаның 4.2.1-тармағы.
на сәйкес министрліктер мен
агенттіктерге беру

Мемлекеттік кәсіпорындар Салалық 1999 ж., Үкімет
кірістерінің тиісті бөлігін министрлік. екінші алдындағы
дивидендтер ретінде респуб. тер, тоқсан есеп беру
ликалық бюджетке есептеуге МКМ
түсетін түсімдерге
бақылауды жүзеге асыру

Мемлекеттің қатысуымен ак. Салалық 1999 жыл. Үкімет
ционерлік қоғамдар мен серік. министр. ға арнал. алдындағы
тестіктердің әкімшілік шығыс. ліктер, ған 2-тоқ. есеп беру
тар сметасын қоса алғанда, Директор. санның
жыл сайынғы бизнес-жоспарлар лар кеңесі аяғына
мен бюджеттерді қарау және дейін
бекіту 2000 жыл.

ға арнал.
ған-4 тоқ.
санның
аяғына
дейін

Қоса беріліп отырған кестенің ҚМ ММжЖК 1999 ж., Үкімет
1 және 2-санаттарына жататын екінші алдындағы
ұйымдардың тексеру комиссия. тоқсан есеп беру
сының құрамы бойынша ұсыныс
енгізу

Акционерлік қоғамдар мен ша. Салалық 1999 ж., Үкімет
руашылық серіктестіктердің министрлік. екінші алдындағы есеп
тексеру комиссиясын бекіту тер тоқсан беру

Қоса беріліп отырған кесте. Қаржымині 1998 ж. Үкімет
нің 1 және 2-санаттарына үшін алдындағы есеп
жататын акционерлік қоғамдар есептілік беру
мен шаруашылық серіктестік. бойынша-
тердің сыртқы аудиторларын 1999ж.,
бекіту екінші

тоқсанының
аяғына
дейін 1999
ж. үшін
есептілік
бойынша
төртінші
тоқсанның
аяғына

дейін

Тек қана мемлекеттің меншігін. ӘМ, 1999 ж. Үкімет де тұрған (жекешелендіруге жат. Қаржымині үшінші қаулысы пайтын) объектілерді жалға беру тоқсан тәртібін әзірлеу және бекіту

Мыналарды: ҚМ, БҚҰК 1999 ж. Нормативтік
- Құру тәртібін; (келісім үшінші құқықтық
- Менеджерлермен дербес бойынша) тоқсан актілерді
келісім-шарттар жасауды; ЭИЖСМ, қабылдау
- Үнемі есептілікті; ККЖТМ, ЭЖА,
- Ірі сатып алуларды жүзеге ТМРЖБҚА
асыруды;
- Тартылатын несиелер бойынша
сыйақы (мүдде) ставкаларының
деңгейін шектеуді;
- 3-5 жыл мерзімге арналған
орташа мерзімді индикативтік
даму жоспарын ұсыну;
- Ұлттық компаниялардың қыз.
метіне бақылауды жүзеге асыру
механизмі;
- Менеджерлер жұмысының тиімді.
лігі бағаланатын әрбір жекеле.
ген ұлттық компаниялар үшін қар.
жылық көрсеткіштердің есеп
айырысу тізбесі мен нысанын;
- Қазақстан Республикасы
Үкіметінің шешімдеріне көздел.
ген жағдайлардан басқа жағдай.
ларда, басқа заңды тұлғалардың
ұлттық компаниялардың жарғылық
капиталына қатысуға тыйым салуды;
- Ұлттық компаниялардың жалпы
және әкімшілік шығыстарын рет.
тейтін "ұлттық компаниялар"
туралы құқықтық актілердің
жобалары.

Акционерлік қоғамдарды ашуға Салалық 1999 ж. Үкімет
ұлттық компанияларды қайта құру. министрлік. үшінші қаулысы
ды аяқтау тер тоқсан

"Қазақстан Темір жолы" РМК ККЖТМ 1999 ж. Үкімет

Қайта ұйымдастыру және демони. үшінші қаулысы
полизациялардың жалпы бағдарла. тоқсан
масы шегінде ашық акционерлік
қоғам етіп қайта құру

Менеджерлердің ұлттық компания. ҚМ, ұлттық Жыл Келісім-
лар мен мемлекеттің ғана мүдде. компаниялар ішінде шарттар,
сін беруді, оларға сыйақы төлеу. директорла. Үкіметке
дің тәуелділігін, компания қыз. рының кеңесі есеп беру
метінің тиімділігі мен нәтиже.
лерінен келісім-шарттарды ұзар.
туды немесе бұзуды көздейтін
менеджерлермен дербес келісім-
шарттар жасасу

Мемлекеттік меншікті басқару ҚР ММЖЖК, Тоқсан Үкіметке есеп
тиімділігінің мониторингін салалық сайын беру, мемлекет.
жүзеге асыру министрлік. тік меншікті
тер басқарудың
тиімділігін
сараптауды
қамтитындар

5 - бөлім бойынша

Жекешелендіруге жатпайтын ҚМ, салалық 1999 ж., Үкімет
республикалық меншік министрлік. екінші қаулысы
объектілерінің тізбесін тер, агент. тоқсан
белгілеу тіктер,
ведомстволар

Қызметінің саласы жекеше. ҚР ММЖЖК, 1999 ж., Үкімет
лендіру жүргізу арқылы салалық үшінші қаулысы

бәсекелі ортаға беруге қа. министрлік. тоқсан Облыстар,
жеттігіне сәйкес келетін тер, ведомс. Астана қаласы
республикалық және коммунал. стволар, об. мен Алматы
дың мемлекеттік кәсіпорындар лыстардың, қаласы
мен мекемелердің қосымша Астана қала. әкімдерінің
тізбесін белгілеу сы мен Алматы шешімдері
қаласының
әкімдері

Жекешелендіруге жататын мем. Мүдделі 1999 ж., Мемлекеттік
лекеттік кәсіпорындар мен министрлік. үшінші қайта тіркеу
мекемелерді акционерлік қоғам тер мен ве. тоқсан
етіп қайта құруды жүргізу домстволар
мен, облыс.
тардың
Астана қаласы
және Алматы
қаласы Әкім.
дерімен
бірлесіп, ҚМ,
ӘМ

"Көгілдір фишкалар" әлеуетті Салалық 1999 жылғы Үкіметтің
инвесторларға талаптар қоюдың министрлік. екінші қаулысы
тізбесін әзірлеу тер мен және тоқсан
ведомстволар.
мен бірлесіп,
ҚР ММжЖК

"Көгілдір фишкаларға" инвестор. ҚР ММжЖК 1999 ж., Үкімет
лар тарту және тиісті конкурс. 1 желтоқ. алдындағы
тар өткізу жөнінде қажетті санға есеп беру
шаралар жүргізу дейін

Халықаралық және отандық қор ҚР ММжЖК, 1999 ж., Үкімет
рыноктарында акциялардың мемле. ҚР БҚҰК үшінші қаулысы
кеттік пакетін "көгілдір фишка. тоқсан
лар" бағдарламасы бойынша орна.
ластыру кезінде андеррайтинг

қызметін көрсетуге үлгілік
келісім-шарт әзірлеу

Мемлекеттік бюджет есебінен ДБЖСМ, 1999 ж., Үкімет
ұсталатын объектілерді қоса МажҚКМ, төртінші қаулысы
алғанда, республикалық меншік. Ғылым және тоқсан
те тұрған және/немесе мемлекет. жоғары білім
тің қатысуымен кейіннен жеке. министрлігі
шелендіру үшін мемлекеттік (ҒжЖБМ),
кәсіпорындардың, мекемелердің, ККжТМ, ҚР
акционерлік қоғамдардың және
шаруашылық серіктестіктердің
меншігінде немесе шаруашылық
иелігінде (жедел басқаруында)
тұрған әлеуметтік сала объекті.
лерін түгендеуді жүргізу

Жекешелендіруге жатпайтын мем. ҚР ММжЖК, Жыл ішінде Үкіметке
лекеттік мүлік объектілерінің ЭИжСМ, есеп беру
тізбесіне енбеген акциялардың ККжТМ, АШМ,
мемлекеттік пакетін сатуды облыстардың,
жүзеге асыру Астана және
Алматы қала.
ларының әкім.
дері

Сенімгерлік басқаруға беру Сенімгерлік 1999 ж., Тексеру
келісім-шарттары ережелерінің басқаруға үшінші актілері
орындалуына тексеру жүргізу келісім- тоқсан
және ұсыныс дайындау шарттарды
тексеру
жөніндегі
комиссия, ҚМ

Инвестициялық тендерлерде Инвестициялық 1999 ж., Тексеру
жекешелендіру объектілерін тендерлер үшінші актілері
сатып алған инвесторлардың бойынша келі. тоқсан
келісім-шарттық міндеттеме. сім-шарттардың
лерін орындауға тексеру жүргізу орындалуына

тексеру
жүргізу
жөніндегі
комиссия

Инвесторлармен келіссөздер ҚМ, ЭИЖСМ, 1999 ж., Үкімет
жүргізу және келісім-шарттарға ККЖТМ, үшінші қаулысы
қосымша келісімдер дайындау МКМ, тоқсан
жөніндегі ведомствоаралық Инвестиция.

комиссия құру лар жөнін.

дегі агент.

тік, ӘМ

Инвестициялық тендерлерде Инвесторлар. 1999 Қосымша
жекешелендіру объектілерін мен келіссөз. жылдың келісімдер
сатып алған инвесторлармен дер жүргізу төртінші
келіссөздер жүргізу, келісім- және келі. тоқсаны.

шартпен қосымша келісімдер сім-шартқа ның аяғына
дайындау және оларға қол қою қосымша дейін

келісімдер

дайындау

жөніндегі

комиссия

6 - бөлім бойынша

Несие берушілердің талаптарына ҚМ ММЖЖК 1999 Үкіметке
түгендеу жүргізуді бастау жылдың есеп беру

ішінде

Купондық жекешелендіруді аяқ. ҚМ, 1999 ж., Заң жобасы
тау үшін құқықтық база құратын Әділетмині үшінші
заң жобасын әзірлеу тоқсан

Инвестициялық-жекешелендіру ҚР ММЖЖК 1999 Мемлекеттік
қорларын ашық акционерлік жылдың қайта тіркеу
қоғамдар етіп қайта құруды аяғына

аяқтау дейін (Заң

уақыты

қабылданған

жағдайда)

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.